

# ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
Л ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

август Жексенбі

жеке саны 20 тыйып,  
Шығуына 33 жыл

## Бүгін бүкілхалықтық мереке—СССР Одағының Соғыс-Теңіз Флоты Күні

Біздің еліміз өзінің Соғыс-Теңіз Флоты Күнін мейрамдайды және соғыс теңізшілері мен кеме жасаушылардың алға қойған міндеттерді орындаудағы жаңа табыстарын атап көрсетеді.

Халықтардың ұлы көсемі **СТАЛИН** жолдас жасасын!

### ОТАНЫМЫЗДЫҢ ТЕҢІЗ ШЕКАРАСЫНЫҢ СЕНІМДІ САҚШЫСЫ

☆

Контр-адмирал **И. ИВАНОВ**

☆

Комсомолдың қамқорлығына алу туралы қарар қабылдады. Кемелер мен соғыс-теңіз училищелерінің адамдар құрамы мыңдаған комсомолецтермен толықтырылды. Азаматтық ұйымдарда жұмыс істейтін теңізші-коммунистер де флотқа қайтып келді.

Соғыс теңізшілері өздерінің жауынгерлік өнерін табандылықпен, қажырлылықпен арттыра түсті. Сталин жолдас 1929 жылғы июльде Қара теңіз флотында оларға зор баға берді «... Тамаша адамдар,— деп жазды И. В. Сталин, —біздің ортақ ісіміз үшін барлығына да әзір тұрған бағыл, мәдениетті жолдастар.

Мұндай жолдастармен істес болу көңілді. Мұндай жауынгерлер қатарында болып, жауға қарсы күресу көңілді».

Сталиндік бесжылдықтар кезінде Қара теңіз бен Балтық теңізінің флоттары жаңа кемелермен толықтырылды. Сталин жолдастың нұсқауы бойынша 1932 жылы Тынық мұхит флоты, ал, 1933 жылы Солтүстік флоты жасалды.

Балтық теңізінің флотының Совет ке...

дау және жауды онан әрі қуу күресінде маңызды міндет атқарып, Совет Флотының жалауын Берлинге жеткізді.

Тынық мұхит флоты мен Амур флотилиясының теңізшілері совет әскерлерінің жапон агрессорларына қауырт шабуыл жасауына белсенділікпен көмектесті, Куриль аралдары мен Оңтүстік Сахалинді жаудан тазартуға, Бореяны азат етуге, империалистік Жапонияны талқандауға қатысты.

Соғыс -Теңіз Флотының жауды талқандаудағы орасан зор ролін атап көрсетіп, Сталин жолдас былай деп жазды:

«Совет теңізшілері шын берілгендік, табандылықпен және ерлікпен, зор жауынгерлік белсенділікпен және әскери шеберлікпен жауынгерлік қыймыл жасады. Суңғуір қайықтардың, су бетіндегі кемелердің теңізшілері, теңіз ұшқыштары, артиллерияшылар мен жаяу әскерлер орыс флотының нешеме ғасырлық жақсы дәстүрлерінің бәрін үйреніп, дамытты.

... Флот өзінің советтік Отан алдындағы борышын ақырына дейін толық орындады».

Соғыстан кейінгі дәуірде коммунист партиясы, Совет үкметі және Сталин жол-

Облысымыздың егін даласында

### Озаттарға теңелу керек

Ленин ауданының алдыңғы қатарлы шаруашылықтары егін жыйнау жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп жатыр. Аудан егіншілері бұл күндері өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін кемелер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерді аброймен орындау күресіне жұмылдыруда.

Егін жыйнау жұмыстарын ұйымшылдықпен бастап, барған сайын үдеген қарқынмен жүргізіп жатқан шаруашылықтардың бірі— «Еңбек» колхозы. Мұнда егін жыйнау және астық тапсыру жұмыстары тығыз ұштастырыла жүргізіледі. Комбайндардан алынған астық қолма-қол тазаланып, дайындау орындарына жөнелтілу. Соңғы күндердің өзінде ауылшаруашылық артелінің егіншілері мемлекеттік дайындау пункттеріне жаңа егіннің жоғары сапалы 265 центнер астығын жөнелтті.

Сол сыяқты, ауданның «Путь к социализму» колхозының егіншілері де мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін қажырлылықпен күрес жүргізіп келеді. Осы колхоздың егін даласында жұмыс істейтін комбайншы комсомолец Ва-

ССРО Соғыс- Теңіз Флоты Күні елімізде бүкілхалықтық зор мереке ретінде күрметпен өткізіледі. Еңбекшілер өздерінің адал ұлдары —Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресінің қаһармандық шежіресіне талай тамаша беттер қосқан ержүрек теңізшілердің даңқын мадақтайды.

ССРО —ұлы теңіздік мемлекет. Оның мемлекеттік шекарасының үштен екі бөлігінен көбі теңіздер мен өзендердің жағалауымен өтеді. Еліміздің шекарасы үш мұхитқа: Атлантика, Тынық және Оңтүстік мұздық мұхиттарға шығады, оның шекара жиектері 14 теңізге тіреледі.

Орыс халқының бүкіл тарихы теңізбен тығыз байланысты. Орыс теңізшілері қажырлы зерттеушілер, ержүрек жауынгерлер болып келді. XIX ғасырдың бірінші жартысының өзінде біздің теңіз саяхатшыларымыз бүкіл дүние жүзін 36 рет айналып шықты, мұның өзі американдар мен ағылшындардың саяхатынан екі есе көп.

Орыс флотының өткен ғасырдағы Қара теңіздегі, Жер Орта және Балтық теңіздеріндегі даңқты жеңістері бүкіл дүние жүзіне мәлім. Аса көрнекті флот басшылары — Уинклертың, Давыдовтың, Нахимов-

істрінің

сва қаласы  
мен сержанттар!  
р!  
рекелейді және  
еркәсібі қызмет-  
жолдастың өзі  
атап көрсетеді.  
ың Соғыс-Теңіз

ына және кеме  
и-куатын нығайт-  
стік білдіремін.  
БҰЙЫРАМЫН:  
ыс кемелері мен  
атылып, салют

мдастырушысы—  
ның Генералис-

Министрі  
ЗНЕЦОВ.

Күні







## Ілғын өркендету үшейте түсейік

ыстық  
ары

колхозында  
ды. Өйткені  
жайылыма  
ана сабан  
і. Оның үе  
лас және  
ындай жар  
ағлы, Бу  
өне басқа  
ынаға ұшы

қоғамдық  
ен едәуір  
малдың  
ы төл есе  
ысыз ба  
дықтан да  
теті мен  
улы-қарар  
уашылығы  
ауды мал  
үкіл жыл  
бағылуын  
леді. Пар  
тық орын  
п, қоғам  
өту ісінде  
барлы-  
жұмыстар

ың жағда  
амайынша  
нің тала  
өз болуы  
ында жай

Жіберілген қателікті түзеу, мал басын толықтыру және оның өнімділігін арттыру үшін зор ұйымдастырушылық жұмыс жүргізу қажет. Облыстың барлық аудандарының партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және колхоздары мен совхоздарының басшылары мал шаруашылығын өркендету жөніндегі бірқатар кезек күттірмейтін шараларды жүзеге асыруға тиіс. Мал басын өсіру және оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспар әрбір колхоз бен совхозда сөзсіз орындалатын болсын. Ол үшін, ең алдымен, төлді күту және бағу негізінен жақсартылып, күзгі мал шағылыстыру маусымына әзірліктің ұйымшылдықпен жүргізілуі қамтамасыз етілетін болсын.

Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындау үшін колхоздар мен совхоздар жетіспейтін төлдерді жұмысшылар мен қызметшілерден сатып алуды ұйымдастыруға тиіс. Бұл шараны жүргізу ісіне күнбе-күн бақылау қою қажет. Сонымен бірге, қоғамдық малды талан-таражға салу сияқты фактімен келісуге мүлдем болмайды. Қоғамдық малды заңсыз жұмсаған, үлесін әкеткен және талан-таражға салған адамдар, осыларға рұқсат бергендер қатаң жауапқа тартылатын болсын.

Мал басын аман сақтау—бірінші кезектегі аса маңызды іс. Міне, сондықтан да фермаларды зоотехникалық және малдәрігерлік жағынан қамту ісін мүлдем жақсарту қажет. Бірақ, мал шаруашылығының мамандары мал індетіне қарсы күрес

## Теміржолшылар кітапханасы

Әрі зәулім, әрі әсем үй ерекше көз тартады. Таң ата, күн шыға бұл үй қызған жұмыстың, қайнаған өмірдің ортасына айналады. Ал, темір жол станциясы гудок беріп, жұмыс уақыты бітісімен осы үйге қарай ағылушылар көбейе түседі. Олар—паровоз депосының машинистері, вагон депосының стахановшылары, станцияның құрастырушылары, дистанцияның жол байқаушылары.

Зәулім үй де өзінің көркемділігімен келген қонақтарды күшәк жая қарсы алғандай әсер етеді. «Қош келдіңіздер» деген жазу оларға «төрге шық, қалағанды ал» деп тұрғандай көрінеді. Алуан түрлі томдарды— марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын көресің. Бұл шығармалармен қаруланғың келеді. Бұдан өте «Сталиндік сыйлықтың лауреаттары» деген бөлмеге енесіз. Онда совет жазушылары Фадеевтің, Симоновтың, Горбатовтың, Мұхтар Әуезовтың, Бубенновтың, тағы басқа көрнекті жазушылардың шығармалары бар. Біреулер Сталиндік сыйлықтың лауреаты Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» романын, енді біреулер Борис Полевойдің «Нағыз адам туралы повестін» сұрайды. Тағы біреулері Бубенновтың «Ақ қайың», Ажаевтың «Москвадан алыста», Николаеваның «Егін орағы» деген кітаптарын таңдап алып жатады.

Бөлмеден-бөлмеге өтіп жүргеніңізде өзара әңгімелесіп, оқыған кітаптарын ортаға салып отырған адамдарды да жиі кездестіресіз. Бұлардың барлығы теміржолшылар, олардың үй іштері.

Қас қарая бастаған кез... Жарқырап жанған Ильич шамы зәулім үйдің ішінде, сыртын да нұрдай жайнатып тұрды. Үйге аяқтарын нық басып екі адам кірді. Екеуі де күрдас тәрізді. Бет ажары да, бойлары да бірдей.

—Сен қандай кітап оқыдың?

—Мұхтар Әуезовтың «Абай» романын...

—Қалай екен?

Елухин «Сталиндік сыйлықтың лауреаттары» деген бөлмеге көз жүгіртіп өтті де, кітапханашыға:

—Маған Мұхтар Әуезовтың «Абай» романын берсеңіз екен,—деді.

Кітапханашы стол үстіндегі тізімге қарады да, машинашының көмекшісіне «Абай» романын ұсынды. Ал, Яричков жолдас Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігітін» алды.

Алдыңызда тағы бір бөлме... Бұл бөлме «Халықтық демократия елдері мен бүкіл дүние жүзі прогресшіл жазушыларының» бөлмесі. Мұнда Француздың атақты жазушысы Виктор Гюгоның, ағылшын жазушысы Джек Лондонның, Чехословакияның батыр жазушысы Юлиус Фучиктің, Чили жазушысы Пабло Неруданың, Қытай және Корея республикаларының көрнекті ақын-жазушыларының шығармалары бар. Бұлардың барлығы орыс, қазақ тілінде аударылған шығармалар. Бұл бөлменен кітап алып оқушылардың саны да көп.

Бұдан басқа техникалық бөлім бар. Ол бөлімдегі кітаптарды оқып, теміржолшылар паровозды шапшаң жүргізудің жолдарын, отынды көп үнемдеу, вагондардың айналымын тездету, жолды күту, поездарды график бойынша жүргізу әдістерімен танысады. Бұл—Петропавл станциясындағы техникалық кітапхана.

Кітапхананың ұйымдастырылғанына едәуір уақыт болды.

Егер бұдан он жыл бұрын мұнда кітап қоры мейлінше аз болса, қазір 20 мың сомдық саяси, көркем және техникалық әдебиеттер бар. Кітапхана соңғы жылдардың ішінде кітап оқушыларға 15 мың данадан астам кітап алдырып берді.

Кітапхана Петропавл станциясының теміржолшыларын кітаппен қамтумен қатар, бөлімшесінің разъезд, околотка, казарма теміржолшыларын да кітаппен жеткілікті түрде қамтамасыз етіп келеді. Бұл үшін бірнеше жылжымалы кітапханалар ұйым

## Кореядағы оқыйғалар

**ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ ЕАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ**

ПХЕНЬЯН, 8 август. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 8 августа мынаны хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, майданның жекелеген участоктерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды.

Бүгін Халық армиясының зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолетін аңдып атушылар жаудың төрт самолетін атып түсірді және екі самолетін зияндыды.

**АМЕРИКАН СОҒЫС ҚУМАРЛАРЫНЫҢ  
БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ  
БЕЙБАСТАҚТЫҒЫ**

БЕРЛИН, 7 август. (СОТА). АДН агенттігінің Кассельден берген хабарына қарағанда, американ самолеттері Фульда селосы ауданында фосфорлы бомбалар тастаған. Бомбалар бір шаруаның үй іргесіндегі жер участогіне түсіп, оны өртеп жіберген. Бұл қылмысты іеті жасыру үшін американ әскери полициясы өртенген участокті дереу конфискациялаған.

Кобленц қаласына таяу жерде бір шаруаның огородының ішінде американ самолеттері тастаған кешігіл жарылатын бомба жарылған. Жарылу салдарынан 60 жастағы шал ауыр жараланған.

**АМЕРИКАН СОҒЫС ӨКМЕТ  
ОРЫНДАРЫНЫҢ ШЫЛАУЫНДА**

ТОКИО, 7 август. (СОТА). «Конасимбул» газетінің мәліметтері бойынша, Сайтама префектурасының бейбітшілік қорғау комитеті префектурада соғыс құлмыстысы—генерал-лейтенант Иси. Бұл бұрынғы бағынышты қызметкері—префектуралық жыйналыстың депутаты.



процент қана орындады. Істің жайы облыс совхоздарында да осындай деп айтуға болады.

Жекелеген шаруашылықтар мен партия ұйымдарының колхоздар мен совхоздарға қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіне жауапсыз қарауы салдарынан быйыл ірі және ұсақ малдың көп шығынға ұшырауына жол берілді, төл аз алынды. 1 августқа дейін колхоздарда әрбір 100 аналық малдан 47 бұзау, 35 қозы және 64 құлын алынды.

Әсіресе, Ленин ауданының колхоздарында мал шығыны көп. Бұл ауданның тек қана «Память Ильича» колхозында өткен бес айдың ішінде 620 мал шығын болды. Артельде әрбір 100 аналық малдан 44 бұзау және 8 қозы алынды. Осының салдарынан ауданды бүтіндей алғанда 1 июльге дейін 1952 жылғы 1 январьдағыдан ірі қара мал саны 3,8 процент, шошқа 12,1 процент кеміп кетті, ал, қой-ешкі санының өсуі 5,1 проценттен аздап ғана асты.

Істің жайы Октябрь, Совет және Соколов аудандарында да дәл осындай дерлік. Мәселен, Совет ауданындағы «Совет» колхозында алынған барлық қозы, бұзаудың 57 проценті және шошқаның 77 проценті шығынға ұшырады. Соколов ауданының Молотов атындағы колхозында да алынған төлдердің тең жартысындайы малға қосылған жоқ.

Толық жатқан фактілер төлдер мен ірі малдардың шығынға ұшырауы ең алдымен азықтың жеткіліксіздігінен, малды күту мен бағудың жолға қойылмағандығынан екендігін дәлелдейді. Мәселен, Соколов

кешіргісіз жағдайға төзімділік жасап жүр, олар шөпті шабу мен маялау арасындағы алшақтықты жоюға тиісті шаралар қолданбайды.

Көзір, облыс колхоздары мен совхоздары егін жыйнауға кірісті. Егін жыйнаумен бірге жемшөп дайындаудың да қарқынын шұғыл күшейту керек. Ол үшін егін жыйнауға және жемшөп дайындауға шаруашылықтардың барлық күш-мүмкіншілігі толық жұмылдырылып, техника қуаты сарқа пайдаланылатын болсын. Жемшөп дайындау жоспары толық орындалғанға дейін бірде-бір шөп машинасын, бірде-бір машылар звеносын жұмыстан босатуға болмайды. Село коммунистері мен комсомолдары, жергілікті Советтердің активтері колхоз басшыларымен бірлесе отырып, бұл міндетті орындау ісін большевикше қолға алуға, мал азығын жетістірудің барлық қорларын пайдалана білуге тиіс.

Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу ісінде қыс маусымына мал қораларын уақытылы әзірлеудің зор маңызы бар. Шаруашылықтардың көпшілігінде бұл істің жайы да ойдағыдай емес. Мал қораларын салудың қарқыны мал басының өсу қарқынынан артта қалып келеді. Сол сияқты, фермаларда ескі мал қораларын жөндеу барысы да қанағаттанғысыз. Айта кету керек, мал қораларын дайындау ісіне село және колхоз құрылысы бөлімдері әлі сызылған басшылық жасап келеді, ал, партия ұйымдары мен совет орындары бұл азаманды істі бетімен жіберді. Бақылаудың жоқтығынан, сол сияқты, мал фермаларын механикаландыру шаралары да жүзеге асырылмай келеді. Қыс маусымының басталуына дейін қалған күндерде мал қораларын дайындау қарқынын күшейтіп, барлық фермаларда құрылыс жұмыстары жөніндегі жоспардың толық орындалуына жетісу керек.

жұмысқа сана-сезімі жоғары, колхоз құрылысы ісіне берілген адамдар жіберілуге тиіс. Партия және комсомол ұйымдарының аса абройлы міндеті — мал шаруашылығы қызметкерлерін тәрбиелеу ісімен үздіксіз шұғылдану, сауыншылардың, малшылардың, бақташылардың және шөпандардың мал басын өсіріп, оның өнімін арттыру жолындағы социалистік жарысына күнбе-күн басшылық жасау болып саналады.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолында үздіксіз күрес жүргізу — колхоз және совхоз мал өсірушілерінің маңызды ісі. Бұл үшін малдарды жайыл бағуды және азықтандыруды жақсарту керек. Ферма қызметкерлері малды күту ісіндегі озат әдістерді кеңінен қолдануға тиіс.

Мал шаруашылығын өркендету үшін, ең алдымен, фермаларды тәжірибелі кадрлармен нығайту, олардың іскерлік қабілеті мен саяси сауаттылығын арттыру жөнінде үнемі қамқорлық жасау, мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстың жайын негізінен жақсарту қажет. Демек, мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі барлық шаралардың ойдағыдай жүзеге асырылуы адамдар арасындағы жұмыстың көлемі мен әсерлілігіне байланысты.

Бұқараны алда тұрған міндетті орындауға жұмылдыра білу — басшылықтың негізгі әдісі. Барлық колхоз, совхоз, МТС басшыларының, партия, совет және ауыл шаруашылық орындарының бұл әдісті іскерлікпен қолдана білуі қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру, сөйтіп, Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді аброймен орындау жолындағы күресті күшейтуге толып жатқан мүмкіншіліктер туғызады.

хаттар мен 1952 жылғы газет, журналдарын дерке-

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Электрлендіруге көңіл бөліңіз

Преснов ауданында колхоздарды электрлендіру жөнінде жоспарлар жасалып, бірнеше қаулылар да қабылданған болатын. 1950 жылы «Баян», «Орг. труд» сыяқты кейбір колхоздар электрлендірілді де. Бірақ, бұл колхоздарда электр станцияларының жұмысты қалай істейтіндігінде, басқа колхоздарға электр станцияларының қалай салынып жатқандығында аудан басшыларының жұмысы болмады. «Орг. труд» колхозының председателі Ушаков жолдас тың «механик болмағандықтан электр станциясы тоқтап тұр» деген шағымына да ешкім құлақ аса қойған жоқ.

Жаңадан электр ұмыт болған іс. Аудан (Николаевка селосы) сай, дәулетті колхозта 550 колхозшы рухана бар, мұнда электр станциясы құрылған жоқ.

300 үйлі Абай аты электр жарығының болмауы ақ-іс.

#### АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ!

Мемлекеттік қауыпсыздандыру органдары міндетті ақылыдыру бойынша төлем жарнасын қабылдай бастады.

Қауыпсыздандыру төлемдерін селолық жерлерде — аудан бөлімдерінің салық агенттеріне, қалада және жұмысшылар мемлекеттік банк мекемелері мен коммуналдық банктерде, ауылдарында, сол сияқты, мемлекеттік қауыпсыздандыру инспектор агенттеріне төлеуге болады.

Төлемдердің 50 процентін 15 сентябрьден, 50 процентін кешіктірмей төлеу керек.

Мерзімінде төленбеген қауыпсыздандыру төлемдері недолжалды да, мерзімі ұзартылған әрбір күн үшін 0,1 процент өсім Азаматтар! Міндетті ақылы қауыпсыздандыру төлемдерінің мерзім жетпей-ақ алдын ала төлеңіздер. Недоняма болу меніңдер.

Мемлекеттік қауыпсыздандырудың Солтүстік Қазақстан басқармасы.

Тоқшын асыл тұқымды мал совхозына

тәжірибелі май былғаушы шеберлер КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді. Жұмысқа қабылданғандар пәтер үймен қамтамасыз етіледі.

Адрес: Тоқшын станциясы, Тоқшын асыл тұқымды мал совхозы.

Солтүстік Қазақстан «Главкинопрокат

облыс экрандарын ЦИЯСЫ» деген кино чехословак фильмінің. Фильмнің сөзі орындауға.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілу